

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 35/204 "2019 жылы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы" шешіміне өзгерту енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 30 шілдедегі № 40/238 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 тамызда № 5526 болып тіркелді

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысының 2 - тармағы 1) тармақшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 44279 болып тіркелген) сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының "2019 жылы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы" 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 35/204 шешіміне (2019 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5205 болып тіркелген) келесі өзгерту енгізілсін:

1 - тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1) жүз еселік есепке айлық есептік көрсеткішке тең сомадағы көтерме жәрдемақы;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2019 жылдың 25 маусымынан туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.